

Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды, ақпараттандыру процестерін қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.07. N 1870 , 2001.12.26. N 1697 , қаулының атауы және мәтінінде сөздер алынып тасталды - 2004.07.09. N 751 қаулыларымен.

Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру, мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану, деректерді ақпараттық алмасу мен мемлекеттік басқарудың халықаралық стандарттарын енгізу мақсатында, сондай-ақ Үкіметтің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігінің тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.07. N 1870 , 2001.12.26. N 1697 қаулыларымен.

1. Мына құрамда Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссия құрылсын:

Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Кәрім Қажымқанұлы орынбасары - Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрі, төраға

Жұмағалиев - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Асқар Қуанышұлы байланыс агенттігінің төрағасы, төрағаның
орынбасары

Смағұлов - Қазақстан Республикасы
Қайрат Молдрахманұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Басшысының орынбасары, төрағаның
орынбасары

Сәрсембаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Өмірзақ Нұрғалиұлы Министрінің Кеңесі Өндірістік сала

және инфрақұрылым бөлімінің бас
сарапшысы, хатшы

Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия
Әсет Өрентайұлы және сауда вице-министрі

Баяділов - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Ерғали Мұхаметжанұлы Кеңесі Хатшылығының мемлекеттік
инспекторы (келісім бойынша)

Поспелов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Николай Николаевич министрінің орынбасары

Слободянюк - Қазақстан Республикасының Премьер-
Анатолий Министрі Кеңесінің Бақылау және
Ануфриевич құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Жақыпов Мірболат - Қазақстан Республикасының Президенті
Хабиұлы Жалпы бөлімінің меңгерушісі (келісім
бойынша)

Лукин - Қазақстан Республикасының Парламенті
Михаил Иванович Шаруашылық басқармасы бастығының
орынбасары (келісім бойынша)

Арнутовский Сергей - Қазақстан Республикасы Президентінің
Васильевич Күзет қызметі департаменті бастығының
орынбасары

Щелконогов - Қазақстан Республикасының Президенті Іс
Игорь Рудольфович басқармасының бюджеттік жоспарлау және
қаржылық бақылау бөлімі ақпараттандыру,
компьютерлендіру секторының меңгерушісі
(келісім бойынша)

Мәжренов - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Жомарт Рахымбекұлы қауіпсіздік комитеті Қызметінің
директоры (келісім бойынша)

Ахметов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Серік Баужанұлы Министрінің Кеңесі Мемлекеттік
құпияларды қорғау жөніндегі бөлімінің
меңгерушісі

Есекеев - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру
Қуанышбек Бақытбекұлы және байланыс жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

Кан	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Людмила Михайловна	министрлігі Ақпараттық-техникалық
	қызмет департаментінің бастығы
Жуат	- Қазақстан Республикасы Президентінің
Мұратхан Жуатұлы	Әкімшілігі Мемлекеттік құпияларды қорғау
	және ақпараттандыру бөлімінің меңгерушісі
	(келісім бойынша)
Баймағанбетов	- Қазақстан Республикасы Экономикалық
Серік Нұртайұлы	қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа
	қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)
	төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Көмекбаев	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Әли Амантайұлы	қызмет істері агенттігі төрағасының
	орынбасары (келісім бойынша)
Сақалов	- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Болат Зиядаұлы	аппараты басшысының орынбасары (келісім
	бойынша)
Кесікбаев	- Қазақстан Республикасының Қоршаған
Сұлтанғали Қабденұлы	ортаны қорғау бірінші вице-министрі
Амангелдиев	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Ардақ Амангелдіұлы	сақтау вице-министрі
Әбдімомынов	- Қазақстан Республикасының Білім және
Азамат Құрманбекұлы	ғылым вице-министрі
Зверьков	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Вадим Павлович	министрінің орынбасары
Төртаев	- Қазақстан Республикасы Статистика
Бауыржан Қадырұлы	агенттігі төрағасының орынбасары
Нефедов	- Қазақстан Республикасы Табиғи
Алексей Петрович	монополияларды реттеу агенттігі
	төрағасының орынбасары
Долженков	- Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары
Виктор Анатольевич	
Савченко	- Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары
Александр Георгиевич	
Әбдібеков	- Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары
Нұрмұхамбет Қанапияұлы	
Бочин	- Павлодар облысы әкімінің орынбасары
Виктор Захарович	

Бортник	- Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары
Михаил Михайлович	
Ыдырысов	- Қызылорда облысы әкімінің орынбасары
Құттықожа Ыдырысұлы	
Төлебаев	- Астана қаласы әкімінің орынбасары
Марат Еркінұлы	
Политкин	- Ақмола облысының әкімі аппаратының
Николай Афанасьевич	басшысы
Елемесев	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Асқар Раушанұлы	вице-министрі
Нұғманов	- Қазақстан Республикасының Әділет
Серік Пикұлы	вице-министрі
Темірболатов	- Қазақстан Республикасы Бас прокурорының
Серік Ғабдоллаұлы	аппарат басшысы (келісім бойынша)
Палымбетов	- Қазақстан Республикасының Экономика және
Болат Абылқасымұлы	бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Ақшолақов	- Қазақстан Республикасының Энергетика және
Болат Оралұлы	минералдық ресурстар вице-министрі
Бабақұмаров	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және
Ержан Жалбақұлы	ақпарат вице-министрі
Үмбетәлиев	- Қазақстан Республикасының Еңбек және
Мәди Тоқтарұлы	халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Әлжанов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Батырбек Асылбекұлы	төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Молчанов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Сергей Николаевич	Ақпараттық технологиялар департаментінің
	директоры (келісім бойынша)
Сейдуманов	- Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Серік Тұрарұлы	
Сытдықов	- Батыс Қазақстан облысы әкімінің
Әлібек Бақтыгерейұлы	орынбасары
Супрун	- Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары
Виктор Васильевич	
Развин	- Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің
Сергей Владимирович	орынбасары
Баяндаров	- Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші
Мағзам Тоғжанұлы	орынбасары
Қанаев	- Қарағанды облысы әкімінің орынбасары
Серікжан Зиаданұлы	

Маханбетәжиев
Батыр Әпенұлы

- "Ұлттық ақпараттық технологиялар"
акционерлік қоғамының президенті (келісім
б о й ы н ш а)

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.03.02. N 187 ,
1999.09.14. N 1389 , 1999.09.27. N 1458 , 1999.12.07. N 1870 , 2000.03.29. N 454
, 2001.01.24. N 122 , 2001.04.16. N 498 , 2001.12.26. N 1697 , 2002.02.18. N 227 ,
2002.03.05. N 274 , 2002.06.20. N 685 , 2002.10.11. N 1119 , 2003.03.27. N 299 ,
2003.07.25. N 748 , 2004.01.30. N 118 , 2004.06.21. N 684 , 2004.07.09. N 751 ,
2005.05.19. N 478 , 2005.11.30. N 1176 , 2006.04.21. N 311 қаулыларымен.

2. Қоса беріліп отырған Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру
мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссия туралы ереже
б е к і т і л с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.12.26. N 1697 ,
2004.07.09. N 751 қаулысымен.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 311
қ а у л ы с ы м е н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1998 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1384 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын
қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі
комиссия туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.07. N 1870 ,
2001.12.26. N 1697 , мәтіндегі " , ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету" , "
ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі" , " , ақпараттық қауіпсіздікті
қамтамасыз етудің" , "ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету" деген сөздер
алынып тасталды - 2004.07.09. N 751 қаулыларымен.

1. Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын
қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссия

(бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығын іске асыру мақсатында құрылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.05.19. N 478 қаулысымен.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.05.19. N 478 қаулысымен.

3. Комиссия өз қызметінде қолданылып жүрген заңдарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Негізгі міндеттері

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" инфрақұрылымын қалыптастыру мен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі ережелерін әзірлеу;

мемлекеттік қаражат (оның ішінде заемдар) есебінен жүзеге асырылатын, мемлекеттік мекемелерді ақпараттандырудың жоспарлары мен бағдарламалары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға "ақпараттық қоғам" жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық және әдіснамалық база жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін қалыптастыру және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

деректерді электрондық беру мен алмасудың қазақстандық стандарттарын, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық индустрияның дамуын ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

"электрондық үкімет" қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, "ақпараттық теңсіздікті" жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін арттыру жөнінде іс-шаралар әзірлеу;

ақпараттық қоғамды қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерді үйлестіру болып табылады.

"электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын оңтайландыру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін "электрондық үкімет"

қалыптастырудың және "ақпараттық қоғамды" дамытудың проблемалары жөнінде материалдар мен ұсынымдар дайындау;
ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тілде жұмыс істеуі процестерін үйлестіру ;

Комиссия жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына "электрондық үкімет" қалыптастыру, мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру мен "ақпараттық қоғам" дамыту жөнінде ұсыныс енгізеді;

мүдделі мемлекеттік мекемелермен келісім бойынша "ақпараттық қоғамды" қалыптастыру мен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру саласындағы басымдықтарды айқындайды;

"электрондық үкімет" қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандырудың процестерін үйлестіреді;

мемлекеттік мекемелерде "электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктерін, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер құрудың, енгізудің, алып жүрудің және пайдаланудың процестерін ұйымдастыру жөнінде ұсыныс әзірлейді және енгізеді;

Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен Қазақстан Республикасын ақпараттандыру мәселелерін шешу кезінде мемлекеттің мүдделерін қорғау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді;

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар мен Комиссияға енгізілген өзге де ұйымдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдер шығару, оларды өзгерту немесе олардың күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, ғылыми және зерттеу мекемелерінен сараптамалар жүргізу мен консультациялар үшін келісім бойынша тиісті бейіндегі мамандарды тартады және қажет болған кезде жұмыс топтарын ұйымдастырады;

"электрондық үкімет" қалыптастыру мен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру жөнінде жұмыстар жүргізу үшін бюджет қаражатын, директивалық кредиттерді және басқа да мемлекеттік қаржыландыру көздерін (оның ішінде қарыздар) пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.03.02. N 187 , 1999.12.07. N 1870 , 2001.12.26. N 1697 , 2003.07.25. N 748 , 2004.01.30. N 118 , 2005.05.19. N 478 қаулыларымен.

Комиссияның құқықтары <*>

Ескерту. "Комиссияның құқықтары" бөлімшесі алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.05.19. N 478 қаулысымен.

III. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

5. Комиссияны төраға басқарады. Комиссияның құрамына, сондай-ақ төрағаның екі орынбасары, хатшы және Комиссияның мүшелері кіреді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.07. N 1870 , 2003.07.25. N 748 , 2005.05.19. N 478 қаулыларымен.

6. Комиссияның төрағасы Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы Ережеде Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуы үшін жеке жауапкершілікте болады.

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.12.07. N 1870 қаулысымен.

8. Комиссияның жұмыстық мәжілістерінің материалдары Төрағамен келісілгеннен кейін, Комиссияның мәжілісіне дейін кемінде 10 күн бұрын Комиссияның әр мүшесіне жеткізіледі.

9. Комиссия өзінің мәжілістерін мәжілістің бекітілген жоспарына сәйкес және қажеттілігіне қарай өткізеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.19. N 478 қаулыларымен.

10. Комиссияның шешімі Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы - шешуші мәнге ие.

11. Комиссияның шешімі оның мәжілісінің хаттамаларымен ресімделеді. Хаттамаларға Төраға мен хатшы қол қояды.

12. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне жүктелсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.05.19. N 478 қаулыларымен.